

А.К. Анипина*  , Ф. Оразақынызы 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: aliyaanipina80@gmail.com

ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ СӨЙЛЕМ ҚҰРЫЛЫМЫ

Мақал-мәтелдер – талай заманнан бері ұрпақтан-ұрпаққа сақталып келген халықтың мұрасы, асқан шеберлікпен жасалған сөз өрнегі. Мақал-мәтелден халықтың ақыл-ойын, даналығы мен тапқырлығын көруге болады. Олар кең мазмұнды, келелі ойды бір-ақ ауыз сөзбен айтып, қорытынды жасаудың тамаша үлгісі, халық тапқырлығымен айтқанда, «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні». Мақал – мәтелдер әрі ықшам, әрі көркем түрде жасалған, терең ой, кең мазмұнды қамтиды.

Мақал-мәтелдер аз сөзбен терең мағынаны береді, өте ұтымды, сөйлеген адамның шешендігін, ой ұшқырлығын, тапқырлығын көрсетеді. Мақал мен мәтелдер халық санасында қалыптасып, тұрақталған, сөйлегенде дайын тілдік құбылыс ретінде қолданылады. Бұл жағынан келгенде, яғни құрамындағы сөздердің тұрақтылығы, дайын тілдік құбылыс ретінде қолданылуы және ойға әсерлі әсемдік береді. Сөйлем құрылысы, ішкі мазмұны жағынан мақал мен мәтелдердің өз ішінде ерекшеленеді. Мақалда ой түйінді пікір, өсиет, ереже тәрізді көбіне ауыс, астарлы мәнде тұжырымдалып айтылады.

Берілген мақаланың мақсаты – қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдер сөйлем құрылысы жағынан зерттеліп, екі тілдегі мақал-мәтелдердің ұқсас және айырмашылық жақтарын айқындау.

Берілген мақала филология саласында, лингвомәдениет саласы бойынша зерттеулерде қосымша ақпарат ретінде қолданылады. Қытай тілін зерттеушілер болашақта қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдер айырмашылығын ажыратып, ауызекі тілде дұрыс қолдануға мүмкіндік алады. Осы мақалада екі тілдегі мақал-мәтелдер салыстыру, салғастыру әдістері бойынша зерттелді. Екі тілдегі мақал-мәтелдердің сөйлем құрылымы жағынан көптеген формалар бойынша ұқсастықтары мен айырмашылықтары ажыратылды.

Түйін сөздер: мақал, мәтел, фольклор, жанр.

A.K. Anipina*, F. Orazakynkyzy

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: aliyaanipina80@gmail.com

Sentence structure of proverbs in chinese and kazakh languages

Proverbs and sayings are the property of the people, preserved from generation to generation for many centuries, expressions created with great skill. From proverbs and sayings you can see the mind of people, wisdom. They are an excellent example of expressing broad content, important thoughts in one word, and the conclusion is, as the people say, "Ninety spoken words have a meaning with an ankle bone /tiny /". Proverbs are compact and artistically created, contain deep thoughts and broad content.

Proverbs in a few words convey a deep meaning, are very rational, show eloquence, speed of thought, ingenuity of the speaker. Proverbs and sayings are formed and fixed in the minds of people, they are used as linguistic phenomena ready for speech. From this point of view, that is, the stability of the word in its composition, its use as a ready-made linguistic phenomenon, it gives an impressive beauty to thought. Proverbs and sayings differ in sentence structure and internal content. In a proverb, a thought is expressed as a simple opinion, a commandment, as a rule, it is formulated in a figurative sense.

The purpose of this article is to study proverbs and sayings in Chinese and Kazakh languages in terms of sentence structure, to determine the similarities and differences between proverbs in both languages.

This article is used as additional information in research in the field of philology and linguoculturology. In the future, Chinese language researchers will be able to distinguish between Chinese and Kazakh proverbs and use them correctly in colloquial speech. In this article, proverbs in two languages were studied by the method of comparison. The similarities and differences between the proverbs of the two languages in terms of sentence structure have been identified in many forms.

Key words: proverb, saying, folklore, genre.

А.К. Анипина*, Ф. Оразақынызы

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: aliyaanipina80@gmail.com

Структура предложения пословиц в китайском и казахском языках

Пословицы и поговорки – это достояние народа, сохраняемое из поколения в поколение на протяжении многих веков, выражения, созданные с большим мастерством. Из пословиц и поговорок можно увидеть ум людей, мудрость. Они являются прекрасным образцом выражения широкого содержания, важных мыслей одним словом, а вывод делается, как говорят в народе, «У девяноста сказанных слов есть смысл с косточку щиколотки /крохотный/». Пословицы – компакты, и художественно созданы, содержат глубокие мысли и широкое содержание.

Пословицы несколькими словами передают глубокий смысл, очень рациональны, показывают красноречие, быстроту мысли, изобретательность говорящего. Пословицы и поговорки формируются и закрепляются в сознании людей, употребляются как языковые явления, готовые к речи. С этой точки зрения, то есть устойчивости слова в его составе, употребления его как готового языкового явления, он и придает мысли впечатляющую красоту. Пословицы и поговорки различаются по структуре предложения и внутреннему содержанию. В пословице мысль выражается как простое мнение, заповедь, правило, формулируется она в переносном смысле.

Целью данной статьи является изучение пословиц и поговорок в китайском и казахском языках с точки зрения строения предложения, определение сходства и различия между пословицами в обоих языках.

Данная статья используется в качестве дополнительной информации в исследованиях в области филологии и лингвокультурологии. В будущем исследователи китайского языка получат возможность различать китайские и казахские пословицы и правильно использовать их в разговорной речи. В данной статье пословицы на двух языках изучались методом сопоставления. Сходства и различия пословиц двух языков по структуре предложения были выявлены во многих формах.

Ключевые слова: пословица, поговорка, фольклор, жанр.

Кіріспе

Қазақ тілінің мақал-мәтелін ең алғаш 11 ғасырда жазбаша құрастырған қазақтың ғалымы Махмұт Қашқари, оның «Түркі тілдерінің үлкен сөздігі» атты еңбегі жарыққа шығады. Бұл сөздікте 200-ден аса мақал-мәтел берілген. Келесі Диваев Абубакир Ахметжанұлы ұзақ уақыт қазақ мақал-мәтелдерін зерттеумен айналысқан, 1927 жылы Ташкентте «Қазақтың мақал-мәтелдері» деген еңбегін жариялайды. ҚХР құрылғаннан кейін азаматтық істері бойынша ұлттық комиссия аз ұлт өкілдерінің тілдерін зерттеуді мақсат етеді, 1955 ж. Әйгілі түрколог Ли Сен «Шыңжаң этникалық тілді зерттеу есебінде» қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер қарастырылған. Осыдан кейін 1980 ж бастап қытай және қазақ тілдерін салыстыра зерттеу жалғасты, қазақ тілінің мақал-мәтелін зерттеп, мәдениетін түсіну, ол ең бірінші этникалық топтарды түсіну және сенімді нығайту, екі тілде оқытуды жақсартуға көп ықпал етті. (Chen Shixun, 2016)

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Мақал-мәтелдер өте ұтымды, сөйлеген адамның шешендігін көрсетеді. Мақал мен мәтелдер халық санасында қалыптасып, тұрақталған, сөйлегенде дайын тілдік құбылыс ретінде қолданылады.

Генетикалық және типологиялық құрылымы жағынан әр түрлі қазақ және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдерді салыстыра зерттеу арқылы тілдегі алатын орнын, тілдік табиғатын, өзге тұрақты тұлғалармен сәйкес тұстарын, ұқсастықтарын, өзгешеліктерін анықтау.

Жұмыстың негізгі мақсаты – қазақ-қытай мақал-мәтелдерін салыстыра зерттей отырып, олардың мазмұны бойынша ұқсастықтары мен ұлттық сипатын ашу. Аталған тілдік бірліктердің семантикалық құрамындағы ортақ тұстары мен ерекшеліктерін және олардың себеп-салдарын айқындау. Сонымен бірге мақал-мәтелдердің тілдік табиғатын зерттеу негізінде екі тілдегі мақал-мәтел құрылымында ұлттық болмыс

мазмұнын қалыптастыратын тетіктерді анықтау – жұмыстың негізгі мақсаты болып табылады. Осы мақсат бойынша келесі міндеттер қойылды:

— мақал-мәтелдердің қытай және қазақ тіл біліміндегі зерттелу жайын сипаттау;

— мақал мен мәтелдің ұқсастықтары мен өзара айырмашылықтарын айқындау;

— қазақ және қытай халықтарының мақал-мәтелдеріндегі ортақ ойлау жүйесінің көріністерін көрсету;

Берілген мақала филология саласында, лингвомәдениет саласы бойынша зерттеулерде қосымша ақпарат ретінде қолданылады. Қытай тілін зерттеушілер болашақта қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдер айырмашылығын ажыратып, ауызекі тілде дұрыс қолдануға мүмкіндік алады. Осы мақалада екі тілдегі мақал-мәтелдер салыстыру, салғастыру әдістері бойынша жұмыстар жасалды. Екі тілдегі мақал-мәтелдердің сөйлем құрылымы жағынан көптеген формалар бойынша ұқсастықтары мен айырмашылықтары ажыратылды.

Қазақ және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелді салыстыра зерттеу өзектілігі когнитивті лингвистика тұрғысынан жүзеге асырылуда. Адамзаттың рухани және материалды мәдениетін тасымалдаушы ақпаратты дамытады және ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер ХІХ ғасырдың екінші жартысында пайда болып, Кеңес дәуірінде 1948 жылдарға дейін мақал-мәтелдер халық аузынан жиналып, жеке басылым ретінде шығару жұмыстары жүргізілді, екінші кезең – оларды тілдік тұрғыдан зерттеудің қалыптасу кезеңі. Шоқан Үәлиханов – қазақ ұлтының мақал-мәтелдерін алғаш қағаз бетіне түсірген ғалым. Ш. Үәлиханов пен Н.Н.Березин архивтерінде ХІХ ғасырдың 50 жылдарында ел аузынан жазып, жинақталып топтастырылған екі жүзден аса мақал-мәтелдер сақталған. Сонымен қатар, қазақ мақал-мәтелдері бойынша жеке жинақтар шығарып, қазақ тілі ғылымының, мәдениетінің дамуына зор үлес қосқан Ы.Алтынсарин, В.Радлов, Ә.Диваев, Ш.Ибрагимов, М.Терентьев, т.б. сынды ағартушы, ғалымдардың еңбектері ерекше. Қазақ мақал-мәтелдерінің ғылыми тұрғыдан зерттелуіне арналған монографиялық зерттеулер де, мақалалар да жетерлік. Солардың ішінен ғалым Б. Шалабаев алғашқылардың бірі болып, аталмыш тұрақты тіркестер тобын

арнайы қарастырып, олардың негізгі жанрлық ерекшеліктерін, мағыналық топтарын анықтады. М. Фабдуллин "Қазақ халқының ауыз әдебиеті" деген еңбегінде қазақ халқының кәсібін, шаруашылығын, тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын мақал-мәтелдердің өмір танытқыштық мәні мен қызметін айқындап көрсетсе, С. Нұрышев оларды даму тарихы жағынан зерттеген. Мақал-мәтелдер тура ойды әртүрлі сөздермен айтуды үйрену үшін керек мәлімет.

Қытай тіліндегі мақал-мәтелдердің бірнеше мың жылдық тарихы бар. Олар адамдар бір-бірімен тіл арқылы араласуды үйренгенде пайда бола бастаған. Жазудың пайда болуымен олар қағаз бетіне түскен. «Ицзин», «Мэнцзы», «Цзочжуань», «Гоюй», «Шицзи» сияқты әдеби мұраларда мақал-мәтелдер жайлы айтылған. Сунь дәуірінде алғашқы мақал-мәтел жинағы жарыққа шықты, ол – Цин дәуірінде Вэнлан құрастырған «Ежелгі халықтық өлеңдер мен сөздер» сөздігі. Бұл сөздікке ежелгі дәуірден Мин дәуіріне дейінгі әдеби мұраларда кездесетін мақал-мәтелдер енгізілген.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің сөйлем құрылымы жағынан ерекшеленеді, жәй сөйлемді және күрделі сөйлемді мақал-мәтелдер деп бөлуге болады.

(1) Жәй сөйлемнен тұратын мақал-мәтелдер

Қытай және қазақ тілдеріндегі жәй сөйлем формасындағы мақал-мәтелдер ішінде бастауышты-баяндауышты және бастауыш-баяндауышсыз түрлері бар. Бастауыш-баяндауышты мақал-мәтелдер көп кездеседі. Мақал-мәтел – мәдениеттің ауызша көрінісі, бірақ жазбаша бейнесі де болады. Сондықтан, күнделікті тілдік қарым-қатынас кезінде мақал-мәтелдермен қолданылған сөйлемдер жиі кездеседі, әдетте толық емес құрылымды сөйлемдермен қолданылады.

1. Бастауышты-баяндауышты формадағы мақал-мәтелдер

Бұндай формадағы мақал-мәтелдер екі тілде де абсолютті артықшылық иеленеді, зат есімнен болған баяндауышты формадағы мақал-мәтел, сын есімнен болған баяндауышты формадағы мақал-мәтел, бастауышты-баяндауышты сөйлемнен жасалған мақал-мәтелдер мен қарапайым етістіктен болған баяндауышты мақал-мәтелдер секілді төрт формадан тұрады.

1. *Зат есімнен болған баяндауышты формадағы мақал-мәтелдер*

Зат есімнен болған баяндауышты формадағы мақал-мәтелдерде зат есім баяндауыш қызметін атқарады. Осындай формада тек болымды мағына болады, болымсыз мағына қолданылмайды. Қазақ тілінде бұндай мақал-мәтел көптеп кездеседі: бастауыш пен баяндауыш арасында кідіріс болуы да, болмауы да мүмкін, кідіріс кезінде байланысу әдісі негізінде үтір, сызықша қолданылады. (Chen Shixun, 2016).

Мысалы:

- 行船走马二分命。
- 朝虹雨，夕虹晴。
- 一日春雷十日雨。
- 三十年河东，三十年河西。(Meilitihan, 1986).

Қазақ тілінде:

- Ер – елдің баласы,
- Ел – ердің панасы.
- Ел құлағы елу.
- Ластың досы шыбын. (Ө. Тұрманжанов, 2007)

Жоғарыда берілген мақал-мәтелдерге анализ жасай отырып, зат есімнен болған баяндауыш формасындағы мақал-мәтелдер қытай және қазақ тілдерінде ұқсас емес екенін байқауға болады. Бұндай мақал-мәтелдерде уақыт, ауа-райы, туған жер, жас шамасы, келбет секілді қысқа сөйлемнен басқа ұзын сөйлем қолданылмайды.

2. *Сын есімнен жасалған баяндауышпен келген мақал-мәтел*

Бұндай формадағы мақал-мәтелдер ішінде сын есімдер баяндауыш қызметін атқарады.

Қытай тілінде:

- 本地姜不辣。
- 天下乌鸦一般黑。
- 新箍马桶三日香。
- 人生七十古来稀。
- 十个便宜九个爱。
- 十个衙门十个赃。(Meilitihan, 1986).

Қазақ тіліндегі сын есімнен жасалған баяндауышты формадағы мақал-мәтелдердің бірнеше жағдайы бар:

- қазақ тіліндегі сын есімнен жасалған баяндауышты формадағы мақал-мәтелдер адам немесе заттың жағдайын сипаттайды, бұл кезде дәрежелік үстеу модификатор болып табылмайды, бастауыш бөлігінде қосымша сөз тіркестері болады, бастауыш бөліктің ортасында үшінші жаққа қосылған аффикс болады.

Мысалы:

- Әйелдің шашы ұшын, ақылы қысқа.

- Қазаны тоқтың қарны тоқ.
- Иттің бажасы көп.
- Сараңның сылтауы көп.
- Саудагердің бір саусағы бүгүлі.
- Жолдастының жолы кең. (Ө. Тұрманжанов, 2007)

Бастауыш+пысықтауыш+сын есімнен жасалған баяндауыш

- Жабдықты ұстаның жаны қиналмас.
- Дәрменсізде арман көп.
- Білмеген жердің ой-шұқыры көп. (Ө. Тұрманжанов, 2007)

Пысықтауыш+бастауыш+сын есімнен жасалған баяндауыш

- Ағынды суда арамдық жоқ.
- Асың болса, досың көп. (Ө. Тұрманжанов, 2007)

Қазақ тіліндегі сын есімнен жасалған баяндауышты формадағы мақал-мәтелдерде қасиетті, дәреженің айырмашылығын, биік-аласаны салыстыратын салыстырмалы сөйлемдер де кездеседі, екі нәрсе салыстырылады, сөйлемдегі бастауыш пен пысықтауыш жеке сөз құрайды.

- Ештен кеш жақсы.
- Уақыт алтыннан қымбат. (Ө. Тұрманжанов, 2007)

Күрделі салыстырмалы сөйлемдегі бастауыш пен пысықтауыш модификатордан құралады, бастауыш пен пысықтауыш алдына өзгертетін бөлік жалғанбайды.

- Ақылды өгізден ақымақ ат артық.
- Жаудың атқан оғынан достың жаққан күйесі жаман.
- Таудай қараны тарыдай ақ жеңеді.
- Ақымақ достан ақылды дұшпан артық. (Ө. Тұрманжанов, 2007)

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердегі салыстырмалы сөйлемде сын есімнен жасалған баяндауышты сөйлемдерде жағдайды білдіретін сын есімдер болмайды; сын есім түпнұсқа негізінде қолданылады, бұндай жағдай аз кездеседі; семантикалық жағынан қарасақ, баяндауыш заттардың жақсы-жаман қасиеттерін салыстыру жағынан көп кездеседі.

3. *Б а с т а у ы ш т ы - б а я н д а у ы ш т ы баяндауышпен келетін мақал-мәтелдер*

Бастауышты-баяндауышты баяндауышпен келетін мақал-мәтелдерде бастауыш-баяндауышты тіркес баяндауыш қызметін атқарады. (Chen Shixun, 2016).

Мысалы:

- 牛皮灯笼肚里亮。
- 眉毛胡子一把抓。

- 真金不怕火来炼。
- 初生之犊十八跌。
- 张家帽儿李家戴。
- 公众堂屋没人扫。
- 千里姻缘一线牵。 (Meilitihan, 1986).

Қазақ тілінде:

- Есекке күміс ер жараспас.
- Қыс азығын жаз жаса.
- Шебердің мінін шебер табар.
- Мұртқа жаққан майға қарын тоймас.

(Ө. Тұрманжанов, 2007)

Ендігі кезекте етістіктен жасалған баяндауышты мақал мәтелдерді қарастырайық.

Етістіктен жасалған баяндауышты мақал-мәтелдерде етістік баяндауыш қызметін атқарады. Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдерде бұл форма өте көп кездеседі. Сонымен қатар, олардың мазмұны да күрделі болып келеді. (Chen Shixun, 2016).

Мысалы:

Қытай тіліндегі мақал-мәтелдердің бірнеше жағдайы орын алады:

Бастауыш+баяндауыш

- 出头椽儿先巧烂。
- 好花插在牛粪上。
- 毛草绳先从细处断。
- 好雨落在荒田里。 (Meilitihan, 1986).

Бастауыш+баяндауыш+толықтауыш

- 行行出状元。
- 半斤逢八两。
- 有钱的王八大三辈。 (Meilitihan, 1986).

Ерекше сөйлем формасы

Қытай тіліндегі мақал-мәтелдерде қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерден ерекшеленетін ерекше формасы бар.

Мысалы:

存现句 (бар болу мағынасындағы сөйлем) – 男儿膝下有黄金，黄泉路上无老少。

兼语句 (дәйекті байланысқан сөйлем) – 处处右路通长安，包子有肉不在褶上。

连谓句 (күрмалас етістік предикаты бар сөйлем) – 燕子街泥垒大窝，强盗收心做好人。 (Meilitihan, 1986).

Қытай тіліндегі «把» және «被» сөздерімен келетін ерекше сөйлемдер мақал-мәтелде аз кездеседі, тек күрделі сөйлемнен тұратын бірнеше мақалда кездеседі. Мысалы: «龙游浅水遭虾戏，虎落平原被犬欺».

Қазақ тілінде етістіктен тұратын баяндауыштан жасалған мақал-мәтелдің бірнеше мағынасы бар:

Бастауыш+баяндауыш

Осындай формадағы мақал-мәтелдердегі бастауыш бөлік әдетте сөйлемнің жартысын

иеленеді, етістіктің уақытына байланысты, ырықты және ырықсыз етіс болады.

Мысалы:

- Түлкінің қуы бөктерді қыстайды.
- Сорлыға сойылдың жуан басы тиер.
- Иесіз қалған есекті бөрі жейді.

Бастауыш+баяндауыш+толықтауыш

- Жаман сөз жанға кірген тікен.
- Балық жоқта бақа да балық.
- Ит көзі иесінде. (Ө. Тұрманжанов, 2007)

Бастауыш+толықтауыш+етістіктен жасалған баяндауыш

Бұндай формадағы мақал-мәтелдерде толықтауыш табыс септігінің жұрнағында болады, толықтауыш зат есімнен болады.

Мысалы:

- Бір барыстың өлігі жүз түлкіні тойдырар.

- Ит ішіне сары май жақпас.

- Көп жортқан түлкі терісін алдырар.

- Қыс азығын жаз жаса.

- Ай бетінде де секпіл бар. (Ө. Тұрманжанов, 2007)

Толықтауыш+бастауыш+етістіктен жасалған баяндауыш

Қазақ тілінің сөз тәртібінде бастауыш сөйлемнің басында тұрады, баяндауыш сөйлемнің аяғында тұрады, толықтауыш бастауыш пен баяндауыш ортасында тұрады. Бірақ қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерде сөздің мағынасына қарайды, толықтауыш басында тұрады, «толықтауыш+бастауыш+етістіктен жасалған баяндауыш» формасында болады.

Мысалы:

- Көңілдегі сырды көз білдіреді.

- Таудай қараны тарыдай ақ жеңеді.

- Тозған қазды топтанған қарға алады. (Ө. Тұрманжанов, 2007)

Қытай және қазақ тілдеріндегі етістіктен жасалған баяндауыштан болған мақал-мәтелдер ішінде ең үлкен ерекшелік – олардың сөз тәртібінің орналасуында. Қытай мақал-мәтелдерінде сөз реті ауыспайды, әдеттегі сөйлем реті бірізді: ал қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерде сөз реті ауысады.

Бастауыш-баяндауышы жоқ мақал-мәтелдер

Қытай тілінде көбінесе етістік формасындағы бастауыш-баяндауышы жоқ мақал-мәтелдер кездеседі, зат есім формадағы түрі аз кездеседі.

- Зат есім формасындағы бастауыш-баяндауышсыз мақал-мәтелдер: «没嘴的葫芦», «冬牛的食，春牛的力», «八八六十四». (Meilitihan, 1986).

- Етістік формасындағы бастауыш-баяндауышсыз мақал-мәтелдер: «服药三分毒, 碰一鼻灰, 酒后吐真言, 乱点鸳鸯谱». (*Meilitihan, 1986*).

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерде бастауышы жоқ және баяндауышы жоқ деген формалар болады. Бірақ бұл екі форма қысқарту түріне жатады, қытай тілімен айырмашылығы қазақ тілінде бастауыш-баяндауышсыз мақал-мәтел болмайды.

Бастауышы жоқ мақал-мәтелдер:

- *Ем емшіден.*
- *Қаңтарда қалпақ киюге болмайды.*

Баяндауышы жоқ мақал-мәтел:

- *Халық қатесіз сыншы.*
- *Жерде қалған жиендікі.*
- *Ластың досы шыбын. (Ө. Тұрманжанов, 2007)*

Екі тілде де күрделі және жәй сөйлемнен жасалған мақал-мәтелдер толық мағынаны құрайды, бірақ екі тілдегі күрделі сөйлемнен жасалған мақал-мәтелдердің мағынасы жәй сөйлемге қарағанда тереңірек болады, жәй сөйлемнен тұратын мақал-мәтелдер қарапайым мағынаны құрайды. Екі тілдегі ұқсастық – екі түрлі затты бірге қою, нақтыдан абстрактіге, ерекшеден қарапайымға өту. Екі тілдегі күрделі сөйлемнен жасалған мақал-мәтелдерде сөйлемдер жалғаулықтармен беріледі, кейде олар қолданылмайды, олар логикаға байланысты жасалады. Ауызша формада пайда болған мақал-мәтелдердің көбі жалғаулықтар қолданбайды, жазбаша формада пайда болған мақал-мәтелдерде қолданылады. Жалғаулық тұрақты сөз табы емес, байланысу функциясын иеленетіндер үстеу, шылау, одағай, демеулік шылау.

Осыған байланысты екі тілдегі күрделі сөйлемнен жасалған мақал-мәтелдерге төмендегідей анализ жасауға болады:

Салаласа байланысу

Екі тілдегі күрделі сөйлемнен жасалған мақал-мәтелдерде салаласа байланысқан түрі көп кездеседі, бұндай сөйлемдерде инклюзивтілік (адресат сөзінің 1-жақ көпше есімдікке қатыстылығын білдіретін есімдік формасы) басым болады. Салаласа байланысқан күрделі сөйлемді тұтастыратын әдіс – байланыстыратын сөздер және сөз тәртібі. Бірақ, екі тілдің мақал-мәтелдерінде бірнеше жәй сөйлемнен құрылған салаласа байланысқан күрделі сөйлемді мақал-мәтелдер аз кездеседі.

Мысалы:

Қытай тілінде:

- 人靠衣装, 马靠鞍装.
- 一年之计在于春, 一日之计在于晨.
- 人心难测, 海水难量.
- 钢铁要在烈火中锻炼, 英雄要在困难里摔打.
- 饥不择食, 寒不择衣, 慌不择路, 贫不择妻. (*Chen Shixun, 2016*).

Қазақ тілінде:

- *Өтірік көз тастан жасалар, Өтірік сөз қастан жасалар.*
- *Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді.*
- *Суды сіңген жеріне, сөзді сыйған жеріне. Таңдау қатынасы*

Екі тілдегі мақал-мәтелдерде алдыңғы артқы сөйлем бөліктері бір біріне ұқсамайтын заттарды білдіреді, салыстыру деңгейі жоғары болғанда, шешім алдыңғы бөлікте, салыстыру артқы бөлікте, бұндай мақал-мәтелді сұрыптау байланысындағы мақал-мәтелдер деп атауға болады.

Мысалы:

- 宁吃仙桃一口, 不吃烂杏一筐.
- 宁拆三座庙, 不破一家婚.
- 药补不如食补.
- 宁可缺肥料, 不可缺口水. (*Chen Shixun, 2016*).

Қазақ тіліндегі салыстыру қатынасындағы мақал-мәтелдер ішінде, алдыңғы бөлігіндегі етістікке – *ғанша/қанша, генше/кенше* жалғаулары жалғанады, артқы сөйлемдегі етістік бұйрық формасымен пайда болады, бұйрық формасын екінші және үшінші жақ бұйырады.

Мысалы:

- *Өзің сүйгенді алғанша, өзіңді сүйгенді ал.*
- *Өле жегенше бөле же.*
- *Әр нәрсеге асық болғанша, бір нәрсеге машық бол.*
- *Құдайға сенгенше, құр қолыңа сен.*
- *Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адас.*

Келесі мақал-мәтелдерде «артық» сөзі қосылады:

- *Арам сорпадан адал су артық.*
- *Арамнан алған түйеден, адалдан алған түйме артық.*
- *Аты атанбаған жігіттен, аты атанған төбе артық.*

Көптеген мақал-мәтелдерге байланыстыратын сөздер қосылмайды:

- *Азгана асым, даусыз басым.*
- *Жаманды асқа тартсаң да іске тартпа.*

Жорамалдау қатынасы

Қазақ және қытай тілдеріндегі жорамалдау мағынасындағы күрделі сөйлемді мақал-мәтелдер мен қарапайым жорамал мағынасындағы күрделі сөйлемдерді салыстырсақ, мазмұнында аса қатты айырмашылық жоқ, барлығында жорамал айтылады. Қытай тілінде байланыстыратын сөздер қолданылмайды.

Мысалы:

- 东门失条扁担，西门说是造反。
- 打人一拳，防人一脚。
- 老人不讲友，后生会失谱。
- 将师无能，累死三军。(Chen Shixun, 2016).

Қазақ тіліндегі жорамал мағынасындағы күрделі сөйлемді мақал-мәтелдерде реттілік бар, қарапайым сөйлемге қарағанда үлкен айырмашылық бар. Әдетте «егер.....егерде» және «егер.....болғанда», «егер.....болсада» шылаулар қолданылса, қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерде қолданылмайды.

Мысалы:

- Ағайынды алтау болсаң адам тимейді, тура жүрсең лебің күймейді.
- Өз елінің басы болмасам да, сайының тасы болайын.
- Атыңа жаның ашыса жайылын қатты тарт.

Қазақ тілінде алдыңғы етістікке «май/мей» жұрнағы жалғанады:

- Бірлік болмай, тірлік болмас.
- Біқылас қоймай, білім жүқпас.

Ерекше сөйлемдерде «са/сы», «да/ды» шылаулары жалғанады:

- Қалыптан безсең де халықтан безбе.
- Жаманмен жолдас болсаң да, қолдас болма.
- Бөрі аузы жесе де қан, жемесе де қан.

Бұрылыс қатынасы

Екі тілдеде бұрылыс мағынасындағы күрделі сөйлемді мақал-мәтелдер мен қарапайым бұрылыс мағынасындағы сөйлем негізінен бірдей болып келеді, алдыңғы кейінгі екі бөліктің мағыналары бір біріне қарама қарсы, кейінгі бөлік алдыңғы бөліктің мағынасын жалғастырмайды, оған қарама-қарсы мағынаны білдіреді. Осы формадағы мақал-мәтел кезінде қытай тілінде байланыстыратын сөздер қолданылады.

Мысалы:

- 智者千虑，必有一失。
- 一针不缝，千针难补。
- 一寸光阴一寸金，寸金难买寸光阴。
- 秤蛇虽小，能压千斤。

- 虽有千黄金，无如我斗粟。(Chen Shixun, 2016).

Қазақ тілінде:

- Қаниша көп блсең де, көптен көп білмейсің.

- Өзі жығылып жатып сүріңгенге күледі.

Шартты қатынас

Екі тілдегі мақал-мәтелде алдыңғы бөлікте шарт беріледі, кейінгі бөлікте сол шарт қанағаттандырылатын нәтиже болады, барлығына конструкциялы сөздер қолданылады. Қазақ тілінде етістіктен кейін «-са» жұрнағы жалғанады.

Қытай тілінде:

- 只要功夫深，铁杵莫成针。
- 只要人手多，牌楼抬成河。
- 只有今日苦，方有明日甜。
- 只要有耐心，棒槌也发芽。
- 若要人不知，除非己莫为。(Chen Shixun, 2016).

Қазақ тілінде:

- Дау жүйесін тапса, мал иесін табар.
- Еңбек қылсаң ерінбей, тояды қарның тіленбей.

- Басы аманның малы түгел.

- Еңбексіз ит жер, бейнетсіз бит жер.

Себеп-салдарлы қатынас

Бұндай мақал-мәтелдерде алдыңғы бөлік себепті білдіреді, кейінгі бөлікте оның нәтижесі беріледі.

Мысалы:

- 见怪不怪，其怪自败。
- 一朝被蛇咬，十年怕井绳。
- 官逼民反，不得不反。

Қазақ тілінде:

- Тамағын жеп, табағын теппе.
- Жазжыланнан қорыққан, ала арқаннан аттамайды.

Қайталанатын күрделі сөйлемдер

Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдің барлығы дерлік қайталанатын күрделі сөйлемнен жасалады.

Мысалы:

- 一不积财，二不积怨，睡也安然，走也方便。

并列因果并列

салалас – себеп-салдар – салалас

人能克己身患，不欺心睡自安。

假设并列假设

жорамал – салалас – жорамал

Қазақ тіліндегі мысал:

- Бай қасына барып көр, пақыр болмасаң маған кел.

Хан қасына барып көр, басың кетпесе маған кел.

- *Бермейтін сараң жоқ, сұрауы жетпейді.*

Өтпейтін пышақ жоқ, жонуы жетпейді.

- *Жасырған ауру жан алар, жарыған дау мал алар.*

Жорамал – салалас – жорамал

Қорытынды

Берілген мақаладағы қарастырылған мысалдар арқылы, екі тілдегі қайталанатын күрделі сөйлемдерде күрделі сөйлем жеке сөйлемнен құралатынын байқаймыз, бірақ күрделі сөйлем ішіндегі жеке сөйлемдер қысқарған сөйлемдер екенін айқындадық.

Қазақ және қытай тілдері бойынша мақал-мәтелдерді зерттеуге арналған ғылыми еңбектерге шолу жасалды.

- мақал көп жағдайда үлгі, өнеге, өсиет айтуға құрылаған. Ал мәтел, сөз тіркесі, қалыптасқан нақышты орамды сөйлемше түрінде келіп, көңілдегі ойды емеурін арқылы жеткізеді және нақты тұжырым, қорытынды пікір жасалмайды;

- мақал-мәтелдердің тілдік сипатын зерделеп, ұқсастықтарын анықтап қана қою жеткіліксіз, олардың ұлттық ерекшеліктерін, этнолингвистикалық сипатын ашу — бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі;

- бірқатар қазақ және қытай мақал-мәтелдерінің құрамы мен құрылымы және мағынасы тұрғысынан өзара сәйкестіктері байқалды, абсолютті эквивалент, яғни теңбе-тең балама түрлері де кездеседі;

- қытай мақалдары көбіне бір сөйлемнен ғана құралса, қазақ тілінде басым көпшілігі екі, не бірнеше тармақты болып келеді.

- мақал-мәтелдер әрбір халықтың тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы мен әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі жөнінде ақпарат көзі, яғни дүниенің тілдік бейнесі болып табылады;

- әртектес тілдердің мақал-мәтелдерін салғастырмалы түрде зерттеу жұмыстары жалпы тіл білімін теориялық тұрғыдан соны тұжырымдармен толықтыра түседі және кейбір практикалық мәселелердің шешімін табуына септігін тигізеді.

Әдебиеттер

Ө. Тұрманжанов. (2007). «Қазақтың мақалдары мен мәтелдері». Алматы. «Білім».

Вайцехович И.В. (2007). Практическая фразеология современного китайского языка. М: АСТ: Восток-Запад.

成世勋. (2016). 汉哈谚语对比研究. -北京: 知识产权出版社.

戴昭名. (2003). 文化语言学导论. 北京: 语文出版社.

杰弗里·里奇. (1987). 语义学. 上海: 上海外语教育出版社.

戴庆厦. (1993)语言和民族. 北京: 中央民族学院出版社.

成世勋. (2009)汉哈言语文化内涵对比研究. 民族教育研究.

许余龙. (2002)对比语言学. 上海: 上海外语教育出版社.

成世勋. (2000)试析哈萨克谚语的修辞特点. 伊犁师范学院学报.

美拉提汉, (1986.)金炳吉吉. 汉哈谚语词典. 乌鲁木齐: 新疆人民出版社.

黄伯荣,廖序东. (2006)现代汉语. 北京: 高等教育出版社.

陈望道. (2006)修辞学发凡. 上海: 上海教育出版社.

张绍麒. (2004)汉外语言对比研究. 上海: 上海辞书出版社.

王希杰. (2004)汉语修辞学. 北京: 商务印书馆

黄中祥. (2005)哈萨克词汇与文化. 北京: 中国社会科学出版社.

张勇. (2005)哈萨克谚语研究. 新疆大学.

冯胜利. (1997)汉语的韵律, 词法与句法. 北京: 北京大学出版社.

References

O. Turmanzhanov. (2007). "Kazakh Proverbs ". Almaty. "Knowledge".

Vaytshovich I.V. (2007). Practical phaseology in modern Chinese. M: AST: East-West.

Chen Shixun. (2016). A Comparative Study of Chinese-Kazakh Proverbs. -Beijing: Intellectual Property Press.

Dai Zhaoming. (2003). Introduction to Cultural Linguistics. Beijing: Language Press.

Jie Fuli Liqi. (1987). Semantics. Shanghai: Shanghai Foreign Language Education Press.

Dai Qingsha. (1993) Languages and Nations. Beijing: Press of the Central University for Nationalities.

Chen Shixun. (2009) A comparative study on the cultural connotation of Chinese and Kazakh languages. Ethnic Education Research.

Xu Yulong. (2002) Contrastive Linguistics. Shanghai: Shanghai Foreign Language Education Press.

- Chen Shixun. (2000) Try to analyze the rhetorical characteristics of Kazakh proverbs. Journal of Yili Normal University.
- Melatihan, (1986.) Dictionary of Chinese-Kazakh proverbs. Urumqi: Xinjiang People's Publishing House.
- Liao Xudong. (2006) Modern Chinese. Beijing: Higher Education Press.
- Chen Wangdao. (2006) Rhetoric Fafan. Shanghai: Shanghai Education Press.
- Zhang Shaoqi. (2004) A comparative study of Chinese and foreign languages. Shanghai: Shanghai Dictionary Publishing House.
- Wang Xijie. (2004) Chinese Rhetoric. Beijing: Commercial Press
- Huang Zhongxiang. (2005) Kazakh vocabulary and culture. Beijing: China Social Sciences Press.
- Zhang Yong. (2005) A Study of Kazakh Proverbs. Xinjiang University.
- Feng Shengli. (1997) Prosody, Morphology and Syntax in Chinese. Beijing: Peking University Press.